



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы-Ректор
т.ғ.к., доцент Г.Д.Сугирбаева

**«6B01704 -ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және атауы: 6B017 Тілдер және әдебиет
бойынша мұғалімдерді даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01704 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

Шымкент 2022 ж.

Білім беру бағдарламасы филология факультетінің кеңесінде қаралып Ғылыми кеңеске бекітілуге ұсынылды.

Хаттама № _____ «» _____ 2022ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіліп, Хаттама № _____ «» _____ 2022 ж қолданысқа енгізілген.

Академиялық мәселелер бойынша проректор _____ Кудышева А.А.

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы _____ Бердалиев Д.Т.

Филология факультетінің деканы _____ Оразбаева Э

Шымкент қаласы Білім басқармасы
Әдістемелік орталық директоры, ф.ғ.к. _____ Медетбекова М.А.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент
қаласы бойынша ПҚБАИ-дың директоры _____ Искакова Л.Т.

Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицей
директоры _____ Алмаханқызы Р.

А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-лицей
директоры _____ Абилдаева Г.С.

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

1	Байұтова Динара Нышановна	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доцент, ф.ғ.к.	8707 925 95 36
2	Қайырбекова Ұлбала Жұматқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.	87766492255
3	Мыңбаева Ақбілек Пазылханқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доцент м.а., PhD докторы	8-7022508462
4	Арысбаева Жарқынай Ибадуллаевна	«Өрлеу» БАҰО ақ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к.	87023928088
5	Төлегенов Мақсат Бекжігітұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі	87016068877
6	Бекбосынова Ләйлә	№7 мектеп - лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	87015840607
7	Жамурова Гульнур Кизирбаевна	Пушкин атындағы №1 мектеп – лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	87064068470
8	Абилдаева Ақбөпе Орысбайқызы	Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	87013359834
9	Ағабек Табиғат	121-19 оқу тобының студенті	87052408655
10	Сұлтанмұратова Гүлнұр	121-19 оқу тобының студенті	87079037110

Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Исаева Жанар Исаевна	Ф.ғ.к., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Қазақ филологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры	87023425777
2	Ақылбек Айна	№7 мектеп - лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санаттағы мұғалімі	87763004230

Қысқартулар:

- ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
- СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
- ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
- ББ – Білім беру бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
- ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
- ЭПК – Элективті пәндер каталогы
- ТҚ – Түйінді құзыреттіліктер
- ОН – Оқыту нәтижелері
- АКТ– Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- АБ – Аралық бағалау
- МБ – Межелік бағалау
- ҚБ – Қорытынды бағалау
- ЖБП – Жалпы білім пәндері
- БП – Базалық пәндер

Мазмұны

Кіріспе	5
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	6
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	6
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	6
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	6
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	6
2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	7
3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары ...	7
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	7
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	8
4 Бітірушінің моделі	8
5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері	8
6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты	9
7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері	10
8. Білім беру бағдарламасының мазмұны	12
8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі	12
8.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	13
8.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	17
8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	39

КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы (ББ) университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- Пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- Білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- Кәсіптік практиканы құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

Білім беру бағдарламасы модульдік оқыту принципі бойынша құрылымданады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B01704 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Білімдік қызмет саласында:

- оқу ақпаратын тарату және өз бетімен оқуды үйрету;
- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
- оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану;

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорыту;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік - коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары білім беретін «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтың кәсіби стандартына сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

Оқу жоспарына бітіруші курстың қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) енгізілген. Түлектеріміз қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде жұмыс жасайтын болғандықтан, болашақтағы қызметінде аудармамен көп жұмыс жасайтын болады. Олар қазақ тілімен қатар орыс, өзбек тілдерінде еркін сөйлеп, материалды салыстырмалы түрде түсіндіре алады, құжаттарды және т.б. жазба дүниелерді аударып алады. Қазақ тілі мен әдебиетінің негізгі салаларын толық меңгеріп шығады. Сондықтан оларға **сарапшы-аудармашы** және қазақ мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын қосымша алып шығуына жағдай жасалған.

3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

3.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының **міндеттері:**

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- кәсіби қызметтегі жеке және қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық және этикалық нормаларды игерту;
- Тіл, әдебиет, мемлекеттік тіл саясаты мәселелеріне қатысты өз көзқарасын білдіруге дағдыландыру;
- Болашақмамандарға қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық, интербелсенді әдістерін қолданудың тиімді жолдарын үйрету (мектеп оқушыларының білім, білік, дағдылары мен білім сапасын бақылауды меңгерту, білім нәтижелерін сараптау және оны жетілдірудің жолдарын табуға баулу);
- Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсатынан (өзгертілмейтін) шығатын сараланған (деңгейленген) мақсаттарды, күтілетін нәтижені айқындаудың жолдарын көрсету және критериялы бағалаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту;

- Студенттерді Қазақстан Республикасы халықтарының достығын, мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге бағытталған патриотизм рухында тәрбиелеу;
- Жалпы адами және әлеуметтік-жеке құндылықтарды қалыптастыру.;

3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

4. БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** пәннің салаларын терең меңгерген және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін дұрыс қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

5. Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – пәндік және пәнаралық саланың іргелі заңдылықтарының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін түсіну және интеграциялауды көрсету;
- **ON2** – берілген ақпаратқа сүйене отырып, игерген білімін практикада қолдана алу;
- **ON3** – оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылыққа, проблеманы бірлесе шешуге тарту мақсатында пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, қазіргі жағдайын саралау;
- **ON4** – пәнді оқытуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- **ON5** – пән бойынша таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;
- **ON6** – оқушының тұлғалық дамуына әсер ету, өмір бойы білім алуға бағытталған дамытушы білім үлгісін көрсету;

- **ON7** –ортақ мақсатқа жету үшін командада тиімді жұмыс істеуде, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік және көшбасшылық көрсете білу;
- **ON8** – педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсатына, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу;
- **ON9** –Тілдік заңдылықтар мен тіл тарихының дамуы жайлы проблемаларды ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдау;
- **ON10** – өзінің және басқалардың идеялары, әрекеттері мен пайымдауларына қызығушылық таныту негізінде сыни және жүйелі ойлауын дамыту;
- **ON11** –Әдеби тілді құбылту мен айшықтауды, шығарманың идеясы мен пафосын, тұлғалық болмысты ұлттық мүдде және гуманистік тұрғыдан талдау арқылы көркем мәтінді интерпретациялау;
- **ON12** –Сыни, әдеби-теориялық, тілдік-стилистикалық талдауды және аударманы қолдану арқылы әдебиетке, БАҚ материалдарына қатысты мәселелерді салыстырмалы түрде зерттеу.

6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Пәннің оқу нәтижелерін бағалау университет анықтайтын ағымдық және межелік, аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пәннің оқу нәтижелерін ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі, ол аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 1,2,3, 5,6,7,8,9,10,11,12	Аудиториялық сабақтардағы белсенділігі
ON 2,4,7, 12	Эссе
ON 2,3,4,7, 9, 11	Топтық таныстырылым
ON 4,6,9,12	Жоба даярлау (топтық жұмыс)
ON 1, 3, 5,9,10,11,12	Жеке тапсырма (конспект, ой-талқы, талдау)
ON 3, 4, 5, 6, 8	Портфолио
ON 2,5, 8, 9	Практика есебі
ON 1-12	Аралық қорытынды бақылау
ON 1-12	Қорытынды аттестация

Межелік бақылау оқу пәні шеңберінде академиялық кезең аралығында үш рет өткізіледі.

Ағымдық бақылауларды қорытындылау апталары: 5-ші, 10-шы және 15-ші апталар

Қорытынды емтихан: емтихан сессиясы кезеңінде

Білімді бағалау үлесі: Ағымдық бақылау (АБ) – 60 %, Қорытынды емтихан(Е) – 40%

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

Ағымдық баға1 (АБ1) ≤ 100;

Ағымдық баға2 (АБ2) ≤ 100 ;

Ағымдық баға3 (АБ3) ≤ 100

Емтихан (Е) ≤ 100

Қорытынды бағалау (ҚБ) = $0,2*(АБ1+ АБ2+АБ3)+0,4*Е$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

7. Білім беру процесін ұйымдастырудың асыру әдіс-тәсілдері

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

қашықтықтан оқыту технологиялары

Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарына қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;

- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларына қалыптастыруда академиялық қеркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;

- әроқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістік

терін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1. Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:
 - ❖ Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту);
 - ❖ Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);
 - ❖ Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, постер, кластер, буклет) жасау;
 - ❖ Репродуктивтік әдістер;
 - ❖ Проблемалық-ізденушілік әдістер;
 - ❖ Өзіндік жұмыс әдістері (оқытушы басшылығымен және өз бетімен);
 2. Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.
 3. Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері.
 4. Блум таксономиясы, Джигсо әдісі, Кейс-стади, Жобалау әдісі.
- Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі тандайды.

ББ бойынша күтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдері

Оқу нәтижелеріне қол жеткізудің әдіс-тәсілдері	Оқу нәтижелері											
	ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10	ON 11	ON 12
Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, рөлдік ойындар, топтық оқыту, бірлесе оқыту)	+		+		+	+		+				
Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым)				+		+	+				+	
Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, постер, кластер, буклет) жасау		+				+	+	+				
Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері	+	+	+			+						+
Жобалау әдісі			+	+			+					
Кейс-стади	+			+	+			+		+		
Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері		+			+					+		
Джигсо әдісі			+			+	+			+		
Блум таксономиясы	+	+	+			+	+		+		+	+
Сыни тұрғыдан кешенді талдау әдісі				+						+	+	+

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Кәсіптік практика

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады.

ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады: оқу, тілдік, педагогикалық, өндірістік және дипломалды.

Оқу практикасының мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

Тілдік практиканың мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударудың дағдыларын, іскерлік мен достық қарым-қатынас дағдыларын, соның ішінде оқытылатын тілдердің сөйлеушілерімен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Тілдік практика тілдік бағытта білім алушылар үшін, ағылшын және көптілді топтардың білім алушылары үшін ұйымдастырылады.

Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Өндірістік практика білім беру саласының даярлау бағыты бойынша кәсіпорындар мен мекемелерде ұйымдастырылуы мүмкін.

Дипломалды практика дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Дипломалды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

8. Білім беру бағдарламасының мазмұны

8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы бойынша анықталғаноқу нәтижелерібілім алушының бағдарламаны аяқтағаннан кейінгі қалыптастырылатын құзыретіліктерін анықтайды.

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы

БМ	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
1	+	+	+						+	+	+	+
2			+		+		+	+				
3			+	+		+			+		+	
4						+	+					
5						+	+			+		
6		+	+			+					+	+
7		+		+	+					+		

8.2. Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің оқу нәтижелері (МОН)	Модульдің құрамындағы пәндер	Модульдің қысқаша сипаттамасы	Циклі	Кредит саны	Қалыптастырылатын күздіреттіктер (коды)
1	Жалпы білім беру пәндері(ZhBP 01)	<ul style="list-style-type: none"> • MON1-табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыдан түсінуді, тануды қамтитын білімдермен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаға баға беру. • MON2-Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу. • MON3-Қазақстанның оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолдана білу. • MON4-әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология- 	<p>Қазақстан тарихы</p> <hr/> <p>Философия</p> <hr/> <p>Әлеуметтік-саясаттану білімі/социально-политические знания 1.Мәдениеттану, Психология 2.Әлеуметтану, Саясаттану</p>	<p>Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге бағытталады</p>	ЖБП	51	1,2,4,5

	<p>ның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру.</p> <p>• MON5 Өмір қауіпсіздігі саласындағы құқықтық, экономикалық және экологиялық білім мен кәсіби дағдылар негізінде кәсіби қарым-қатынаста туындайтын мәселелерді шеше білу.</p> <p>• MON6-тұлғааралық, мәдениет-аралық және кәсіби қарым-қатынастық мәселелерді шешуде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің лингвистикалық ресурстарын ауызша және жазбаша түрде интерпретациялау</p> <p>• MON8-салауатты өмір салтын ұстану мақсатында дене шынықтырудың әдістері мен құралдарын қолдана білу.</p>	Қазақ(Орыс) тілі				
		Шетелтілі				
		Ақпараттықкоммуникациялықтехнологиялар				
		Дене шынықтыру				

2	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім (КЕЕВ 02)	<ul style="list-style-type: none"> • MON1-кез келген саланы игеру кезінде зерттеу әдістерін тиімді пайдаланып, ғылыми жобаларға баға беру. • MON2-Құқықтық, экономикалық және экологиялық білімдер мен тіршілік қауіпсіздігі салаларындағы кәсіби дағдылар негізінде кәсіби қарым-қатынастық жағдаяттарда туындаған мәселелерді шешу алу. • MON3-талдаудың әдіснамасын таңдау. • MON4-зерттеудің нәтижелерін анықтай білу. • MON5-өмір сүру жағдайында экономиканы түсіну. 	<p>1. Ғылыми зерттеудің әдістері</p> <p>2. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</p> <p>3. Экономика және кәсіпкерлік негіздері</p> <p>4. Экология және өмір қауіпсіздігі</p>	<p>Модуль білім алушыны ғылыми зерттеу әдістерін игеруге, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге, экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>	ЖБП	5	1,2,3
3	Педагогикалық-психологиялық дайындық (РРД03)	<ul style="list-style-type: none"> • MON1- Педагогикалық – психологиялық білімдерін жаңа жағдайға қолдана білу. • MON2-«Оқушылардың танымдық инструменттерінің» даму деңгейін педагогикалық тәсілдермен анықтау. • MON3- тәрбиелік іс-шаралар бағдарламаларын құру үшін отандық және шетелдік тәжірибелерін пайдалану. • MON4- коммуникативтілік 	<p>Оқушылардың физиологиялық дамуы</p> <p>Жасерекшелік психологиясы</p> <p>Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі</p> <p>Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар</p>	<p>Модуль қарастырады:</p> <p>- балалар мен жасөспірімдердің анатомо-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, денсаулықты сақтау және нығайту негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы;</p> <p>- педагогиканың өзекті мәселелері және методология негіздері, педагогикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдері, тұтас педагогикалық процесс туралы түсінік;</p> <p>- тәрбие жұмысы мен педагогика әдістері, формалары, құралдары;</p>	БП	17	1,2,3

		<p>таныту: кәсіби қызметінде білім алушы әріптестерімен, ата-аналармен диалог жүргізу, әлеуметтік серіктестерімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу, командада жұмыс істей білу.</p> <ul style="list-style-type: none"> • MON5- физиологиялық-психологиялық білім негізінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелерді шеше алу. • MON6-инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін практикада қолдана алу. 		- инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру және жобалау, инклюзивті білім беру жағдайында ББҰ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, инклюзивтік білім беруде АКТ.			
4	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі (ҚТАОА04)	<p>MON1- Оқытудың инновациялық технологияларын, заманауи әдістер мен тәсілдерді сабақтың мақсат-міндеті мен күтілетін нәтижелеріне сай қолдана алу.</p> <p>MON2 - Білім алушылардың оқу</p>	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі	Қазіргі әдістеме ғылымының өзекті мәселелері, оқытудың қазіргі технологиясы, оқытудың принциптері мен жүйесі, сабақтың түрлері, сабақты жүргізудің әдіс-тәсілдері, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың негізгі қағидаттары,	ПП	21	3

		<p>жетістіктерін анықтауда критериялды бағалау мен оқыту нәтижелерін диагностикалауды мақсатқа сай қолдану.</p> <p>MON3- Оқу процесін ұйымдастыруда оқу мақсаттарын жобалауға, жоспарлауға, іске асыруға, түзетуге және нәтижені талдауға баға беру.</p> <p>MON4 -Әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік сипаттағы білімдік қорын оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып талдау.</p> <p>MON5 - Кәсіби ақпараттарды іздеп тауып, еркін түрде өңдеу, жазба жұмыстарын бағалау.</p> <p>MON6 - Кәсіби қызметінде қарым-қатынасты ауызша және жазбаша әдеби тілде жүргізу.</p> <p>MON 7- Кәсіби қызметінде жағдаятқа байланысты туындаған мәселелерді шешу.</p> <p>MON 8 – Инновациялық әдістерді қолданысқа енгізуге байланысты эксперимент жүргізу.</p>	<p>Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі</p>	<p>бағалаудың өлшемдік технологиялары мен оқытудың инновациялық технологиялары жайлы түсінік қалыптастырып, компьютерлік технологияларды қолдану жолдарын меңгертеді.</p>			
			Бағалаудың замануи технологиялары				
			Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық және компьютерлік технологияларды қолдану				
5	Кәсіптік практика (КР 05)	<p>MON1- Оқу процесін ұйымдастыруда оқу мақсаттарын жобалауға, жоспарлауға, іске асыруға, түзетуге және нәтижені талдауға баға беру.</p>	<p>Оқу практикасы</p> <p>Тілдік практика</p> <p>Психологиялық-педагогикалық</p>	<p>Практика барысында тілдік бірліктерді, терминдердің жасалау жолдарымен, мамандықтың білім беру бағдарламасымен таныстырылып, білім беру ұйымдарында пәндік теориялық</p>	<p>БП</p> <p>ПП</p> <p>БП</p>	25	

		<p>MON2- терминдердің жасалу жолдарын білу.</p> <p>MON3- пәннің оқу нәтижелерін талдай алу.</p> <p>MON4- пәндік білімдерін практикада қолдану.</p> <p>MON5- ғылыми жобаның нәтижесіне жету үшін өзіндік қалыптасқан дағдыларын қолдану</p> <p>MON6- алған білімін жинақтай отырып, бітіру жұмысында талдай алу.</p> <p>MON7- әдістемелік бағытын білім беру ұйымдарында кәсіби дағдыларын қолдану.</p>	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Педагогикалық практика</p> <p>Дипломалды практика</p>	<p>білімдерін практикада қолдануды үйренеді, кәсіби біліктілікті, әдістемені жетілдіруге бағыт алады.</p>	III		
6	Филология ғылымына кіріспе (FGK 06)	<p>MON1 -Тіл білімінің іргелі заңдары мен теориялары туралы ой-пікірлерді сыни тұрғыдан талдау.</p> <p>MON2 - Ұсынылған ақпаратты түсіне отырып, ғылымның негізгі ұғымдары жайлы мәселелерді өз сөзімен тұжырымдау.</p> <p>MON3 – Көркем мәтінге әдебиеттанымдық тұрғыдан тал-</p>	<p>Тіл біліміне кіріспе</p> <p>Әдебиеттануға кіріспе</p>	<p>Модуль тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасу, даму, зерттелу тарихы, негізгі ұғымдары мен терминдері туралы, әдебиеттанымдық ұғымдар жайлы білім қалыптастырады.</p>	III	8	1,2,4

		<p>дау жасап, мәтінді түрлендіру.</p> <p>MON4 - Әдебиеттану ғылымының пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін, туыстас ғылым салаларымен байланысын, теориялық және әдістемелік сипаттарын диахрондық тұрғыдан зерттеу.</p> <p>MON5 – Әдебиеттану ғылымына қатысты пікірлерді салыстырмалы талдау.</p> <p>MON6- Әдебиеттің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын салыстырмалы зерттей алу.</p>					
7	Қазіргі қазақ тілі (ККТ 07)	<p>MON1- Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, дыбыстардың емлелік ерекшеліктері жайлы теориялық заңдылықтарды практикалық тұрғыдан талдау.</p> <p>MON2 - Лексика-фразеология-</p>	<p>Практикалық қазақ тілі</p> <p>Қазіргі қазақ тілі фонетикасы</p>	Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық заңдылықтары мен тілдік бірліктердің қызметі; лингвистика салаларындағы кешенді лингвистикалық талдаудың негізгі әдістерін; қазіргі қазақ тілі салалары мен лингвистиканың негізгі бағыт-	III	30	5

		<p>лық қабатының әлеуметтік-қызметтік, қызметтік-стильдік, экспрессивті стильдік сипатын ажырату.</p> <p>MON 3 - Сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану.</p> <p>MON4 - Ауызша және жазбаша тілдесім барысында жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді сөзжасамдық тұрғыдан талдау.</p> <p>MON5 - Морфологиядағы өзекті мәселелерді ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдау.</p> <p>MON6 - Сөйлемнің түрлері мен олардың жасалу жолдары, тыныс белгілері жайлы заңдылықтарды меңгеріп, диалогта, монологта, полилогта өз ойын дәлелдеу.</p>	<p>Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы</p> <hr/> <p>Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы мен морфологиясы</p> <hr/> <p>Қазіргі қазақ тілі синтаксисі</p>	<p>тары, аспектілері, тіл салаларының зерттелу тарихы жайлы мағлұмат беріледі.</p>			
--	--	---	--	--	--	--	--

8	Әдебиет тарихы мен сыны (ATS08)	<p>MON1- Мәдени танымдағы фольклордың даму ерекшеліктері мен көкейкесті мәселелерін сыни тұрғыдан талдау; өз идеяларын ұсыну.</p> <p>MON2 - Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін гуманистік тұрғыдан талдау, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру, көркем мәтінді интерпретациялау.</p> <p>MON3 -Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру, оқиға желісін өздігінше дамыту, тарихи және көркемдік құндылықтарға баға беру.</p> <p>MON4 -Ақындар шығармашылығын сыни тұрғыдан ұлттық мүддемен байланыстыра талдау; мәтінді интерпретациялау.</p>	<p>Халық ауыз әдебиеті</p> <p>Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті</p> <p>XIX-XX ғасырларындағы қазақ әдебиеті</p> <p>Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті</p> <p>Әлем әдебиеті</p> <p>Қазақ әдеби сынының тарихы</p>	<p>Фольклордың өзіндік ерекшелігі және даму тарихы, халық поэзиясы мен әдеби шығар-маның жүйелі байланысы, ежелгі дәуір, XIX - XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму тарихы, ағартушылық-демократтық бағыттағы әдебиеттің ерекшеліктері, жыраулар поэзия-сының дамуы, жазушылардың шығармалары; поэзия жанрының дамуы, әлем әдебиетінің және қазақ әдебиеті сынының дамуы жөнінде түсінік қалыптастырады.</p>	III	38	5
---	---------------------------------	--	--	--	-----	----	---

		<p>MON5 - Шығармаларды сыни көзқараспен талдау, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін айқындау; шығарманың идеясына ғаламдық тұрғыдан баға беру.</p> <p>MON6- Әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін меңгеріп, шығармаларға жанрлық салыстырмалы түрде талдау жасау.</p> <p>MON7- Әдеби бағыттар мен олардың басты өкілдерінің шығармашылығын салғастыру, шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, шығарманың көркемдік мәніне баға беру.</p>					
9	<p>Білім траекториясы 1: Қазақ тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі КТМҚТАМ 09)</p>	<p>MON1-Қазақ және орыс тілдеріне салыстырмалы талдау жасай алу.</p> <p>MON 2 - Ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тілдік заңдылықтар мәселесін салыстырмалы түрде талдау</p> <p>MON3 - Шығарманы әдебиеттанымдық тұрғыдан сыни талдайды.</p>	<p>Әдебиет теориясы</p> <p>Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы</p> <p>Түркітануға кіріспе</p>	<p>Әдебиет теориясына қатысты өзекті мәселелер мен дәстүрлі жанрлардың даму бағыты жайлы мағлұматтарды меңгереді; қазақ және орыс тілдерінің ерекшеліктерін салыстырмалы түрде меңгертеді; лингвистикалық заңдылықтарды зерттеу дағдысын қалыптастырады.</p>	III	18	5

		<p>MON4-Қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдылықтарын теориялық жүйелі білімдер негізінде және тіл заңдылықтарын зерттеу нәтижелеріне сәйкес тұжырымда</p> <p>MON5- Тілдің жүйесі мен құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты ойларын ғылыми тұрғыдан тұжырымдау.</p> <p>MON6 -Түркітану мәселелерінде тілдік бірліктерді ажыратып, анализ жасай алу.</p> <p>MON 7 - Көркемдегіш құралдарды дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдану</p>					
9	<p>Білім траекториясы 2: Сарапшы-аудармашы (CA09)</p>	<p>MON1- Мерзімдік басылымнан аударылған ғылыми-көпшілік мәтіндерге салыстырмалы түрде баға беру.</p> <p>MON2 - шығарманы ұлттық мүдде тұрғысынан талдап, мәтінді интерпретациялау.</p> <p>MON3 - Білім негіздерін интеграциялау және практикада қолдану.</p>	<p>Жазбаша аударма практикасы</p> <p>Әдеби аударма негіздері</p>	<p>Аударматану ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасаудың техникасы, әдіс-тәсілдері, аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, қазақ іс қағаздары және олардың аударылуы, терминдердің аударылуы сияқты мәселелерді қарастырып, ілеспе аударма, ресми аударма, көркем аударма, публицистикалық аударма мәселелері</p>	III	18	2,6

	<p>MON4 - цифрлық білім ресурстарын тиімді пайдалану.</p> <p>MON5 - Пәнаралық байланыс арқылы білімді интеграциялау.</p> <p>MON6 - Білімін практикада ұтымды қолдану, командада тиімді жұмыс жасау.</p> <p>MON7- Аударма жұмыстарына сыни талдау жасап, қателіктерін анықтау.</p> <p>MON8 - Ілеспе, ресми, көркем аударма және публицистикалық аударманы практикада еркін қолдану.</p>	Сөздікпен жұмыс	жайлы түсінік қалыптастырады, сөздікпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады.			
	Қорытынды аттестаттау				12	
	Барлығы				240	

8.3.Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кр еди т сан ы	Оқу нәтижелері (коды)													
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11	ON12		
Жалпы білім беретін пәндер циклі																	
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті																	
1	1.Ғылыми зерттеулердің әдістері 2.Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері 3.Экономика және кәсіпкерлік негіздері 4.Экология және өмір қауіпсіздігі	Ғылыми зерттеулердің әдістерін , Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруге қатысты заңнамалық, тұжырымдамалық, теориялық негіздерін түсіндіреді.	5			+	+				+						
Базалық пәндер циклы																	
Жоғары оқу орны компоненті																	
2	Оқушылардың физиологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық-психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтары, балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, оқушылардың жеке басының қалыптасуы, денсаулығын сақтау	3												+		

		нығайтуға қатысты мәселелерді қарастырады.													
3	Жасерекшелік психологиясы	Оқушылардың қабілеттерін айқындау мен дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	4		+									+	
4	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процестің дамуы, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары жайлы мәселелер қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері сараланады. ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектептегі тәрбие жұмыстарының жүйесі мен диагностикалау мәселесі сипатталады.	5	+	+	+	+				+			+	
5	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи модельдері мен оны іске асыру жолдары қарастырылады. Педагогикалық инновациялық технологияларды тәрбиелеудің мақсатына, күтілетін нәтижелеріне, оқу-	5		+									+	

		шылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдануды үйретеді.													
Бейіндеуші (профильді) пәндер және базалық пәндер циклы															
Жоғары оқу орны компоненті															
6	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі	«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні өзінің бастау негіздері ретінде философияның, логиканың, лингвистиканың, психологияның, физиологияның т.б. ғылым салаларының жетістіктеріне сүйенеді. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерін талдап-тану арқылы тиімді әдістер мен тәсілдер жүйесін зерделеп, оны студенттерге меңгертуді көздейді. Осылардың негізінде, студенттерді қазақ тілінің қазақ мектептерінде оқытылу барысының өткенін талдау мен оған баға беруге, қазіргі күйін танып-білуге, болашақтағы даму жолдарының алғышарттарын анықтай білуге үйретеді.	6	+	+					+	+	+			
7	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Пән бойынша базалық - нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу - әдістемелік кешендерді талдап, тануға үйретеді; құжаттарды басшылыққа алып, пайдалану дағдыларын қалыптастырады; қазақ әдебиеті материалдарын мектепте оқытудың әдістемелік жүйесін меңгертеді; білім берудің жаңа технологияларымен таныстырып, оны оқу үдерісінде пайдаланудың жолдарын үйретеді. -қатынаста коммуникативтіліктанытуға төселдіреді.	5	+	+					+	+				

8	Бағалаудың заманауи технологиялары	Пән студенттерге бағалаудың заманауи технологиялары туралы мағлұмат беріп, оқу барысында оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың заманауи үлгілерін қолдану, бағалау жүйесін ұйымдастыруды жүзеге асыру жолдарын меңгертеді. Педагогикалық технологияның теориясы мен тәжірибесі, лингводидактикадағы инновациялық әдістерді жүзеге асыру ерекшелігі туралы мәліметтермен қаруландыру; болашақ педагогтардың жаңа тұлғаны қабылдауға, кәсіпте шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға қатысты инновациялық дайындығын қалыптастыру.	5	+	+												
9	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық және компьютерлік технологияларды қолдану	Білім беру мазмұнымен таныстырып, білім мазмұнын Блум таксономиясы арқылы меңгертуді қамтамасыз етеді; критериалды бағалау жүйесін түсіндіреді; инновациялық технологияларды практикада қолдануға қажетті дағдыларды қалыптастырады	5	+	+												
10	Тіл біліміне кіріспе	Тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстырады; тілдің құрылымдық жүйесінің танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастырады; студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландырады. Дүниежүзі тілдерінің пайда болуы мен дамуы, генеологиялық, типологиялық ерекшеліктері, тілдің табиғаты,	4	+											+	+	

		коммуникативтік қызметі, ойлау, тіл мен қоғамның диалектикалық бірлігі жайлы мәселелерді пәнаралық байланыста қарастырады. Пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын сыни ойлау тұрғысынан саралауды, мәселені ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып зерттеуді меңгертеді.													
11	Әдебиеттануға кіріспе	Әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы, шығармадағы тілдік бейнелеулер, шығарманы өмірмен салыстырып бағалау жайлы түсінік қалыптастырады; эссе жазуды және әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды үйретеді; талдаудың ерекшелігіне сай сыни және жүйелі ойлауын дамытады.	4	+									+	+	
12	Практикалық қазақ тілі	Қазақ тілі дыбыстарының жасалу, айтылу заңдылықтары, емлесі, үндестік заңы, сөздің мағынасы, тұрақты тіркестер, сөз құрамы, сөз тұлғасы, сөз таптары, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері, сөз тіркесі, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері жайлы теориялық мәселелерді меңгертеді; қарастырады; тілдік заңдылықтарды тұжырымдауға, кешенді тілдік талдауды практикада дұрыс қолдануға машықтандырады; сыни ойлау дағдысын дамытады.	5	+		+							+	+	
13	Қазіргі қазақ	Қазақ тілінің дыбыстық құрамы,		+	+								+		

	тілінің фонетикасы	дыбыстардың жасалу жолы, жасалу тәсілі, интонацияның құрамдас бөліктері, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ықпал заңдылықтары, үндестік заңы, буын және екпіннің түрлері, олардың атқаратын қызметтері, фонетикалық құбылыстар жайлы мәселелерді түсіндіреді. Фонетикалық талдауды практикалық тұрғыдан меңгертеді, ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып талдау арқылы фонетикалық заңдылықтарды тұжырымдауды үйретеді.	6												
14	Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы	Лексикология тілдік бірлік ретіндегі сөздердің семантикалық құрылымы, сөздік құрамның толығу жолдары, сөздіктерді құрастыру принциптері мен оларды жасау жолдары, пәннің тұжырымдамалық және теориялық негіздері жайлы мәселелерді қарастырады; басқа ғылым салаларымен байланыстыра отырып, тілдік заңдылықтарды талдау және оны практикада дұрыс қолдану жолдарын меңгертеді.	5		+	+							+		
15	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы мен морфологиясы	Сөздердің лексика – грамматикалық топтары, олардың әрқайсысына тән грамматикалық сыр – сипат, туынды сөздердің жасалу жолдары мен тәсілдері, сөзжасамдық бірліктері, сөздердің тұлғалық өзгеру, түрлену жолдары, тілдің грамматикалық құрылысы, оның атқаратын қызметі, негізгі грамматикалық ұғымдары, сөз таптарының грамматикалық	7		+	+							+		

		ерекшеліктері, сөздердің түрлену, тұлғалану жолдары мен тәсілдері сияқты мәселелерді қарастырады.														
16	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің түрлері, олардың жасалу жолдары, байланысу формалары мен тәсілдері, сөйлем мүшелері, сөйлемнің түрлері, тыныс белгілері және олардың қолданылу ерекшеліктері жайлы пәннің теориялық негіздерін түсіндіреді; синтаксистік талдаудың ерекшеліктерін меңгертіп, болашақ кәсібінде дұрыс қолдануға машықтандырады; синтаксистің даму тарихын зерттеп, дұрыс тұжырым жасауға дағдыландырады.	7													
				+	+								+			
17	Халық ауыз әдебиеті	Ежелгі дәуірден біздің заманымызға дейінгі фольклордың тақырыптық - көркемдік ерекшеліктерінің дамуы, фольклордың тарихи құндылықтары, кейіпкер образы, көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері, оқиға желісі, шығарманың эстетикалық құндылығы, фольклор ғылымының жетістіктері және басқа салалармен, әсіресе әдебиетпен байланысы жайлы мәселелерден хабардар етеді; талдауды практикада дұрыс қолдануды, өз идеяларын ұсынуды, шығарманы талдауды үйретеді.	6											+	+	
18	Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті	Пәнаралық байланыс негізінде Орхон ескерткіштері мен М. Қашғари, Рабғузи, С. Сарай, Қ.А.Ясауи, Хорезми, Ж. Баласағұни және т.б. халықтың дүниетанымы мен наным-сенімі т.б. жайында жазған шығармалары жайлы мағлұмат береді;	7												+	+

		Асан қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, ХҮІІ ғ. өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, ХҮІІІ ғ. Ақтамберді, Үмбетай, Бұхар жырау, Көтеш, Шал, т.б ақындар шығармашылығын сыни тұрғыдан ұлттық мүддемен байланыстыра талдауды, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруды, көркем мәтінді интерпретациялауды үйретеді.													
19	XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиетінің XIX-XX ғасырдағы жыраулық және ақындық поэзиясының табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі. Шығармалар арқылы сыни және жүйелі ойлауын дамытады. Қазақ хандығы кезіндегі ақын-жыраулар поэзиясымен дәстүрлі жалғастығын, шығыстық дәстүр сабақтастығын, көркемдік әдістерін, Абай, Ыбырай, Шоқан шығармашылығының ұлттық әдебиет деңгейін биіктетудегі маңызын, тұлғалық болмысты сыни және гуманистік тұрғыдан талдауды, мәтінді интерпретациялауды шығар-маның идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға үйретеді.	7	+	+								+	+	
20	Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті	С.Сейфуллин, Б.Майлин, М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков, Ө.Тұрманжанов және тәуелсіздік жылдарындағы қаламгерлер шығармашылығын, проза, драма, поэма,	7	+	+								+	+	+

		драматургия, сын, эссе жанрларының даму ерекшеліктерін, жаңа бағыттардың дамуын пәнаралық сала-лармен байланыстыра отырып түсіндіреді.													
21	Әлем әдебиеті	Әлем әдебиетін игеру әлемдік сөз өнері мұраларын игеру деген сөз. Курсты оқыту барысында пәнаралық байланыстарға үнемі назар аударылады. Әлем әдебиетіндегі шығармашылық мәселесінің өз елдерінің тарихымен, философиясымен, ғылымымен, тығыз бірлікте қарастырылады. Антикалық әдебиеттің ролі; ағартушылық реализмнің эстетикалық ұстанымдары; ХІХ ғасырдағы классикалық романтизм; натурализм, реализм, модернизм, постмодернизмнің эстетикалық ұстанымдары; әлем әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы жайлы білімдер жүйесін қалыптастырады. Шығарманы гуманистік тұрғыдан талдауды, оны практикада қолдану жолдарын меңгертеді.	6	+	+									+	+
22	Қазақ әдеби сынының тарихы	Әдеби туындының идеялық - көркемдік құнын белгілеу, мәні мен маңызын анықтау арқылы шығарманың бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетуге, оқыған шығарманың байыбына барып, оны дұрыс бағалауға, сын-пікір айтуға, ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға, салыстыру арқылы көркем мәтінді интерпретациялауға баулиды.	5											+	+
Бейіндеуші пәндер циклі															
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															

		ға, цифрлық білім ресурстарын пайдалануға, креативтілік, коммуникативтілік танытуға мүмкіндік жасайды.													
27	Әдеби аударма негіздері	Әдеби аударма ғылымының теориясы мен тарихы, әдеби аударма түрлері және оның өзіне тән ерекшеліктері, әдеби аударма бірліктері, аудармашылық біліктілікке қажетті дағдылар мен шеберлік, әдеби аударма процесінің заңдылықтары жайлы біліммен қаруландырады. Пәнаралық байланыс арқылы білімді интеграциялауға, білімін практикада қолдануға, АКТ-ны қолдануға, командада тиімді жұмыс жасауға баулиды.	6												
				+	+			+					+		
28	Сөздікпен жұмыс	Сөздік түрлерін пайдалана отырып аударма жұмыстарын жасауға үйретеді, түсіндірме сөздіктердің көмегі арқылы сөз мағынасына талдау жасайды, сөзжасамдық ұяның көмегімен туынды сөздердің қатарын анықтайды, әдеби норма мен диалект сөздердің ара жігін ажыратады, синонимдес сөздердің мағынасына талдау жасайды.	6												
				+	+			+					+		

8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары